



**Түркістан облысының білім басқармасының  
Созақ ауданының білім бөлімінің  
«Сүгір Әліұлы атындағы білім беретін мектеп»  
коммуналдық мемлекеттік  
мекемесінің мемлекеттік аттестаттау нәтижесі  
бойынша өзін – өзі бағалау қорытындысы**

Таукент кенті, І.Кеңесбаев көшесі №136  
Email: [Sugiraliuli@mail.ru](mailto:Sugiraliuli@mail.ru)

Телефон: 8 (725-46) 2-62-70

**Түркістан облысының білім басқармасының Созақ ауданы білім бөлімінің  
«Сүгір Әліұлы атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық  
мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік аттестаттау нәтижесі бойынша өзін-өзі  
бағалау қорытындысының нәтижелері туралы**

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» бұйрығымен (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2023 жылғы 27 маусымдағы №183 бұйрығымен өзгертілген), Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментімен 2022 жылғы «09» қарашадағы бекітілген «2023 жылға арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесін бекіту туралы» №818 бұйрығымен бекітілген тізбесі негізінде, 2023 жылдың қыркүйек айының 1-і мен қыркүйек айының 15-і күндері аралығында Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Түркістан облысының білім басқармасының Созақ ауданы білім бөлімінің «Сүгір Әліұлы атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мемлекеттік аттестаттауға қатысты өзін-өзі бағалау жүргізді.

Мемлекеттік аттестаттауға қатысты өзін-өзі бағалауды мектептің 2023 жылғы «31» тамыздағы №96 бұйрығымен бекітілген өзін-өзі бағалау аттестаттау комиссиясымен келесіқұрамда өткізді:

1. Алшынбеков Айдархан – мектеп директоры, комиссия төрағасы;
2. Сүйгенбаев Мейрамбек – оқу ісі жөніндегі директор орынбасары, төраға орынбасары;
3. Найманбаева Әсемкүл – оқу ісі жөніндегі директор орынбасары, комиссия мүшесі;
4. Таласбаев Мейірман – тәрбие ісі жөніндегі директор орынбасары, комиссия мүшесі;
5. Дүзенова Гүлзат – тәрбие ісі жөніндегі директор орынбасары, комиссия мүшесі;
6. Есмұрзаев Ерлан - ғылыми-әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;
7. Қалдарбекова Айнұр – шаруашылық ісі жөніндегі директор орынбасары, комиссия мүшесі;
8. Нысанбаева Ұлмекен - педагог-психолог, комиссия мүшесі;
9. Мырзақеева Шахеризат – әлеуметтік педагог, комиссия мүшесі;
10. Байс Ақтолықын – қазақ тілі мен әдебиеті пән бірлестік жетекшісі, комиссия мүшесі;
11. Өміртаева Аруна – орыс тілі мен әдебиеті пән бірлестік жетекшісі, комиссия мүшесі;
12. Орынова Раушан – ағылшын тілі пән бірлестік жетекшісі, комиссия мүшесі;
13. Бұлдыбаев Бекәділ – тарих - география пән бірлестік жетекшісі, комиссия мүшесі;
14. Ахметова Құрбанкүл - химия-биология пән бірлестік жетекшісі, комиссия мүшесі;
15. Жұматаева Марина – математика пән бірлестік жетекшісі, комиссия мүшесі;
16. Нұрханов Ердаулет – физика - информатика пән бірлестік жетекшісі, комиссия мүшесі;
17. Қайназарова Шакизат – бастауыш сыныптар бойынша пән бірлестік жетекшісі,

комиссия мүшесі.

Комиссиямен бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім беру ұйымдарына бағалау жүргізу кезіндегі негізгі бағыттар мен зерделеу объектілері бойынша өзін-өзі бағалау материалдарына талдау, оның ішінде ұсынылатын білім беру қызметтерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкестігіне талдау жүргізілді. Комиссия өзін-өзі бағалау материалын зерделеп, оларды білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерінде орналастырылған мәліметтермен және ұйымдар мен уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметімен салыстыра отырып, Түркістан облысының білім басқармасының Созақ ауданының білім бөлімінің «Сүгір Әліұлы атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде бағаланатын кезеңдегі білім беру қызметінің сандық және сапалық көрсеткіштерін бағалау және егжей-тегжейлі талдау жүргізді, атап айтқанда, өткен екі оқу жылы (2021-2022, 2022-2023) және ағымдағы оқу жылының (2023-2024) мемлекеттік аттестаттау басталғанға дейінгі бір ай бұрын (бұдан әрі – бағаланатын кезең).

**Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау**

<b>Білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер</b>
<b>Мекеменің толық атауы:</b> Түркістан облысының білім басқармасының Созақ ауданының білім бөлімінің «Сүгір Әліұлы атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – мектеп)
<b>Білім беру ұйымының орналасқан жері:</b> Индекс 161003, Түркістаноблысы, Созақ ауданы, Таукент кенті, І.Кеңесбаев көшесі №136
<b>Заңды тұлғаның байланыс деректері:</b> 8 (72546) 2-62-70 электронды поштасы: <a href="mailto:Sugiraliuli@mail.ru">Sugiraliuli@mail.ru</a>
<b>Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері:</b> Алшынбеков Айдархан Мұратұлы, Созақ ауданының білім бөлімінің 24.02.2020 жылғы №16 бұйрығымен Түркістан облысының білім басқармасының Созақ ауданының білім бөлімінің «Сүгір Әліұлы атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры болып тағайындалуына байланысты барлық қаржылық және басқа да құжаттарға бірінші қол қою құқығымен директор лауазымына бекітілген. Білімі жоғары, біліктілік санаты педагог-зерттеуші. Педагогикалық еңбек өтілі 26 жыл, директор лауазымында еңбек өтілі 5 жыл, 3 ай.
<b>Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары:</b> <b>Заңды тұлғаның мемлекеттік қайта тіркеуі:</b> Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтамасы Түркістан облысының Әділет департаменті Кентау қаласының ауданаралық әділет басқармасы тарапынан 2021 жылы 8 шілдеде берілген. Алғашқы мемлекеттік тіркеу күні 23.04.2002 жыл.БСН – 031040002417 <b>Кәсіпорынның қатысушысы:</b> «Түркістан облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі. <b>Кәсіпорынның уәкілетті органы</b> – Түркістан облысының білім басқармасының Созақ ауданының білім бөлімі болып табылады. <b>Білім беру ұйымының жарғысы:</b> Түркістан облысының әкімдігінің «28» тамыз 2023 жылғы №180 қаулысымен бекітілген.
<b>Рұқсат беру құжаттары (білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбиемен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талон).</b> <b>Білім беруге құқық беретін мемлекеттік лицензиясы:</b> Түркістан облысының Білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 10.01.2024 жылғы №23 бұйрығы №KZ34LAA00036061 лицензиясы Түркістан облысының білім басқармасының Созақ ауданының білім бөлімінің «Сүгір Әліұлы атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне берілген. Мемлекеттік лицензияға қосымша 001–бастауыш білім беру, 002–негізгі орта білім беру, 003–жалпы орта білім беру қызмет түрінің кіші түрі (түрлері) берілген. <b>Алғашқы берілген күні:</b> 03.12.2003 жыл.

**«Сүгір Әліұлы атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің тарихы**

Кеңес Одағы жылдарында Жыныс ата ауылында бастауыш мектеп болған. 1991 жылы Таукент поселкесі жаңадан құрылып, орыс – қазақ мектебі бой көтеруіне байланысты бастауыш мектеп жабылып қалған. Қазақстан Республикасы өз алдына Тәуелсіз мемлекет болып жарияланғаннан кейін, өндіріс орындары көптеп ашылып, тұрғындар саны көбейіп, мектепке, балабақшаға деген

мұқтаждық арта түсті. Жыныс ата ауылы Таукент поселкесінен 2,5 км қашықтықта орналасқандықтан, қыстың аязы, күздің ызғары, көктемнің жауыны, желі мен боранында оқушылардың қатынап оқуына үлкен қиындықтар туғызды. Оқушыларды тасымалдайтын арнайы көліктің болмауы, жол ережесінің сақталмауы т.б. қиындықтарды ескере келіп, ауыл тұрғындарының өтініштерін қанағаттандыру мақсатында Жыныс ата ауылындағы монша ғимараты қайта жөндеуден өткізіп, мектеп жайына арналып ыңғайластырылды.

2001 – 2002 оқу жылының 1 қыркүйегінде Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 16 тамыздағы №143 қаулысымен жеті жылдық «Жыныс» негізгі мектебі болып ашылды. Алғашқы кезде 102 оқушы білім алып, 35 мұғалім жұмыс жасады.

2002 жылдың 17 маусымдағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің №663 қаулысымен Созақ ауданы, Таукент округіндегі «Жыныс» негізгі мектебі тоғыз жылдық орталау мектепке ауыстырылып, оған дарынды домбырашы, әйгілі күйші, композитор Сүгір Әліұлы есімі берілді.

2002 – 2003 оқу жылында төрт сынып бөлмесі қосымша салынып, сынып саны сегізге жетті, ал бала саны 344-ке көбейіп, үш аусымда оқитын мектепке айналды. Дегенмен мектепте спорт және акт залдары, шебер-ханалар, асхана жайдың тарлығына байланысты қарастырылмаған болатын.

Осы жылдар аралығында, яғни 2001 – 2006 жылдары мектеп директоры қызметін **Боранбаев Жарылқасын** атқарды.

2006 жылдың ақпанында мектеп директоры болып **Өтеш Балдырған Қасымбекқызы** тағайындалды.

2008 – 2009 оқу жылының екінші жартысынан бастап, Сүгір Әліұлы атындағы орталау мектебі «Негізгі орта мектеп» болып өзгертілді.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында көрсетілген «100 мектеп, 100 аурухана» бағдарламасына сәйкес, 2009 жылдың 1 қыркүйегінде С.Әліұлы атындағы негізгі орта мектебі 300 орындық жаңа ғимартақа көшірілді.

Жаңа мектеп ғимаратында 22 оқу кабинеті, акт және спорт залдары мен асхана, кітапхана, медициналық кабинет және 4 шеберхана, арнайы жабдықталған биология, химия және мультимедиа, 2 компьютер кабинеттері бар.

Бірақ 2002-2010 жылдар аралығында 9 сыныпты бітірген оқушылар 11 жылдық білім алулары үшін І.Кеңесбаев жалпы орта мектебіне Жыныс ауылынан қатынап оқыды. Мектепішілік жалпы ата – аналар жиналысында ең басты мәселе мектепті жалпы орта мектепке ауыстыру жөнінде болды. Оқушылардың Таукент кентіне қатынап оқуларына ауа – райының қолайсыз күндері мен арнайы тасымалдайтын көліктің болмау себептері көп кедергі жасады. Осылайша ауыл қариялары мен ата – аналардың аудан әкімдігіне жазған хаттарына байланысты 2012 жылдың 31 шілдесінде ОҚО Әділет департаменті, Әділет басқармасының №171-1958-13 ММ тіркеу нөмеріне байланысты «Сүгір Әліұлы атындағы жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне ауыстырылып, 11 жылдық мектепке айналды.

2012 жылдың желтоқсан айына дейінгі аудан әкімдігінің зейнеткерлік жасқа шығуына байланысты жасалған келісім шартының аяқталуына байланысты **Өтеш Балдырған Қасымбекқызы** мектеп директоры қызметінен босатылды. 2013 жылдың қаңтар айынан бастап 2019 жылдың желтоқсан айы аралығында мектеп директоры қызметін **Момбекова Гүлжан Төлегенқызы** атқарды.

2020 жылдың ақпан айынан бастап мектеп директоры болып **Алшынбеков Айдархан Мұратұлы** тағайындалып, қызмет атқарып келеді.

Қазіргі таңда Сүгір Әліұлы атындағы жалпы орта мектебінде 1 – 11 сыныптар аралығында 640 оқушы, ал МАД топтарында 43 бала сапалы білім мен саналы тәрбие алуда. Бұл бағытта 91 педагог жұмыс жасап келеді. Оның ішінде: 90 – жоғары білімді, 1 – арнаулы орта білімді. 17 – педагог – зерттеуші, 25 – педагог – сарапшы, 17 – педагог – модератор санатында.

Қазіргі таңда мектептің әдістемелік құрамына 10 пән бірлестігі жұмыс атқарды. Мұғалімдердің кәсіби шеберлігін арттыру және шығармашылықпен жұмыс істеу бағытында төмендегідей бірлестіктер жұмыс істеп келеді.

1. Қазақ тілі
2. Орыс тілі,
3. Ағылшын тілі.
4. Бастауыш сынып.

5. Химия, биология
6. Математика
7. Тарих, құқық, география.
8. Информатика, физика
9. Дене шынықтыру, АӘТД
10. Технология, музыка
11. МАД

#### **Мектептің педагогикалық құрамына мінездеме.**

Білім беру процессін кадрлық қамтамасыз ету. Мектепте 91 мұғалім жұмыс істейді.

2022-2023 оқу жылында марапатқа ие болған мұғалімдер:

Білім және ғылым министрі - 1

Облыстық білім беру басқармасы мақтау қағазымен марапатталған – 3

Аудандық білім бөлімінің мақтау қағазымен марапатталған – 14

Соңғы жылдардағы мектеп мұғалімдерінің жетістіктері үлгі етерліктей болды.

Аудан, облыстық жарыстардан, олимпиадалардан орынмен оралғандары да болды.

2022-2023 оқу жылындағы өткізілген пәндік олимпиадалардан 12 оқушы аудандық кезеңнен жүлделі орынмен оралды. 2 оқушымыз облыстық олимпиадаға жолдама алып, 1 оқушы үшінші орынға ие болды.

Спорт бағыты бойынша дене шынықтыру пәнінен облыс және аудан спортына-даларынан жүлделі орындармен оралған.

2022-2023 оқу жылындағы 11-сыныптардың ҰБТ нәтижелері көз қуантарлық болды. 37 бітірушінен 34-і жоғары оқу орнына түсті. Осы оқушылар арасынан 18 бітіруші грант иегерлері атанды.

**Мектеп миссиясы:** Ұлттық құндылықтар негізінде функционалды сауатты, ІТ құзыретті, шығармашыл, білімді, бәсекеге қабілетті, саналы, салауатты тұлғаны қалыптастыру.

#### **Мақсаттары:**

1. Мұғалімдердің зерттеушілік құзыреттіліктерін дамыту арқылы сыныптағы оқыту сапасын жақсарту;

2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес мемлекеттік саясат негізінде әр баланың жеке қабілетіне қарай интеллект-туалдық дамуына жағдай жасау және жеке тұлғаның дарындылығын дамыту;

3. Озық педагогикалық тәжірибені зерттеп, жинақтап, таратуда кәсіби біліктілігі мен теориялық білім деңгейін көтеру ісінде нақты ғылыми-әдістемелік көмек көрсету.

#### **Міндеттері:**

1. ҚР Білім туралы заңының 8-бабының 7-тармағында: «Оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» міндетіне орай мұғалімдердің жаңа педагогикалық, ақпараттық технологияларды меңгертуіне және оларды тиімді қолдануына ықпал ету;

2. Оқушыларға тиісті мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында көзделген деңгейде шеберлік пен дағды алуын қамтамасыз ету;

3. Деңгейлі бағдарламалардың идеяларын іске жүйелі асырып, оқытудың әдіс-тәсілдерін жетілдіру жолымен мектептің білім сапасын көтеру;

4. Білім берудің жаңартылған бағдарламасын енгізу барысында критериалды бағалауды жүйелі іске асыру;

5. Педагогикалық озық тәжірибені жинақтау мен тарату жұмыстарын жетілдіру, ӘБ ішінде әрбір мұғалімнің оқытушылық қызметінің қаралуын, талдау жұмыстары жасалынып, озық тәжірибені жинақтау, мектеп пен аудан көлемінде таратуға ұсыну;

6. Оқушылармен жүргізілетін ғылыми зерттеу жұмыстарын жолға қою;

7. Коммуникативті, функционалды шәкірт дайындауда дарынды оқушылармен жекелей жұмыс жүргізуді ұйымдастыру, дарынды оқушылармен жүргізілетін жұмыстарды жүйелеу, оларды әр түрлі аудандық, облыстық, республикалық, халықаралық олимпиадалар мен байқауларға жүйелі түрде

қатыстыру;

8. Оқушыны заман талабына сай, патриот, азаматтық ұстанымы зор тұлға ретінде тәрбиелеу;

9. Оқушылардың және мұғалімдердің еңбегінде қиыншылықтарды жою мақсатында психологиялық қызметтің жұмысын жандандыру;

10. Қашықтықтан оқыту процесін, оның ішінде техникалық жағдайды ұйымдастыруды қамтамасыз ету;

11. Білім алушылардың қашықтықтан оқу қызметін ұйымдастыру, пән мұғалімдерімен әдістемелік сүйемелдеуді жүзеге асыру;

12. Инклюзивті білім беруді қамтамасыз ету.

### ***Білім беру қызметін өзін-өзі бағалау нәтижелері туралы мәліметтер***

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының білім беру қызметін зерделеу қорытындылары**

1. Тәрбие және оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына өлшемшарттар: оқу жұмыс жоспарларымен ұйымдастырылған қызметтің Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде

№29031 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №8275 болып тіркелген) бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының (бұдан әрі УОЖ) талаптарына сәйкестігі:

Жұмыс оқу жоспарлары мен ұйымдасқан қызмет мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың талаптарына және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес келеді.

(Мектептің әзірленген және бекітілген жұмыс оқу жоспарлары, ұйымдастырылған оқу қызметін бөлуді көшірмелері ұсынылады) оған дәлел:

2021-2022 оқу жылына арналған мектепалды даярлық сыныбының жұмыстық оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы

№604 бұйрығымен бекітілген 1-қосымша Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудағы мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (өзгерістермен толықтырулармен 2020 жылғы 28 тамыздағы №372 бұйрық) «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстардың және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі

№115 бұйрығы (өзгерістермен толықтырулармен 2020 жылғы 27 қарашадағы №496 бұйрық)

ҚР БҒМ 2012 жылғы 12 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары 1-қосымша: ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы

№499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары;

2022-2023 оқу жылына арналған мектепалды даярлық сыныбының жұмыс оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі 2012 жылғы 12 желтоқсандағы №557 бұйрығына өзгерістер толықтырулар енгізу туралы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары» Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 09 қыркүйектегі №394 бұйрығы 3-қосымша;

Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 03 тамыздағы №348 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі 2016 жылғы 12 тамыздағы

№499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары ;

2023-2024 оқу жылына арналған мектепалды даярлық сыныбының жұмыс оқу жоспары Қазақстан



Республикасы Білім және ғылым министрлігі 2012 жылғы 12 желтоқсандағы №557 бұйрығына өзгерістер толықтырулар енгізу туралы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары» Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 09 қыркүйектегі №394 бұйрығы 3-қосымша;

Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 03 тамыздағы №348 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары ;

Қазақстан Республикасы Денсаулық министрінің 2021 жылы 5 тамыздағы «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық талаптар» қағидаларын бекіту туралы ҚР ДСМ -76 бұйрығын басшылыққа ала отырып оқу жоспары жасалынды.

Сүгір Әліұлы атындағы жалпы білім беретін мектебінің даярлық сыныптарға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың 2023-2024 оқу жылына арналған

### ОҚУ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

№	Білім салалары Ұйымдастырылған оқу қызметі	Сыныптар бойынша апталық сағат саны			Жалпы жүктеме, сағат	
		А	Ә	Б	апталық	жылдық
<b>Инварианттық компонент</b>						
1	Дене шынықтыру	3	3	3	9	288
2	Сөйлеуді дамыту	2	2	2	6	192
3	Көркем әдебиет	2	2	2	6	192
4	Қазақ тілі	2	2	2	6	192
5	Сауат ашу негіздері	3	3	3	9	288
6	Математика негіздері	3	3	3	9	288
7	Қоршаған ортамен танысу	2	2	2	6	192
8	Сурет салу	0,25	0,25	0,25	0,75	24
9	Мүсіндеу	0,25	0,25	0,25	0,75	24
10	Жапсыру	0,25	0,25	0,25	0,75	24
11	Құрастыру	0,25	0,25	0,25	0,75	24
12	Музыка	2	2	2	6	192
<b>Барлығы</b>		<b>20</b>	<b>20</b>	<b>20</b>	<b>60</b>	<b>1920</b>

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сай Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары мен Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сүйене отырып, даярлық сыныптарға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың 2023-2024 оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспары құрылды. Жоспар бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі 12 білім саласын қамтиды. Әрбір білім саласымен жұмыс жүргізуді 2023-2024 оқу жылында мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын жүзеге асыру үшін

әзірленген әдістемелік нұсқаулықты және сонымен қатар Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгерту бойынша мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымдарын басшылыққа алдық. Бұл Әдістемелік нұсқаулықтар Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында және жалпы білім беретін мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды даярлық сыныптарында 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Заңдары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделі, Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы негізінде әзірленген.

Даярлық сыныптарында 2021-2022 жылында 43 бала, 2022-2023 оқу жылында 54 бала, 2023-2024 оқу жылында 54 бала оқыды.

Даярлық сыныптары аптасына 5 күндік жұмыс жасайды, жұмыс уақыты сағат 09:00-дан 12:00-ге дейін.

«Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылуда. Мектепалды даярлық сыныптардың оқу қызметіне арналған 3 сынып кабинеті бар. Онда педагогтердің өз күштерімен дайындалған баланың жас ерекшелігіне сай сабақ құралдары мен ойынға қажетті ойыншықтармен жабдықталған.

Даярлық тобы үш сынып бөлмесінен тұрады. Сынып бөлмелерінде оқу тәрбиелік мақсаттарға сай құрал - жабдықтар бар. Күнделікті оқу тәрбие жұмыстарына арналған құрал – жабдықтармен, оқушы үстелі, мұғалім үстелі, орындықтар, шкафтар, магнитті тақтамен жабдықталған. Терезелері металлопластиктен жасалып, перделер ілінген. Жарықтандыру табиғи және жасанды люминесценттік шам арқылы, желдетілуі қабырға көздері және терезе арқылы. Есіктері ағаштан жасалған. Сынып бөлмелері қабырғаларына оқу тәрбиеге қажетті көрсеткіш құралдармен буклеттер, плакаттар безендірілген. Қол жуу құралдарымен қамтылған. Тәрбиеленуші бала ойын элементтерінен құралған тапсырмалар арқылы дамып өсетінін айтар болсақ «киіз үй және оның жабдықтары» ойын жиынтығы, ұсақ моториканы дамытуға арналған дидактикалық ойыншықтар, пазлдар, дамытушы үстел ойындары бар. Бейнелеу өнеріне баулуға арналған қарапайым, түрлі - түсті қарындаштар. Әр түрлі пішінді заттар бейнеленген заттық суреттер, карточкалар жиынтықтары, сондай-ақ, кітапшалар, ертегілер, оның ішінде сөйлейтін кітапшалар мен ертегітер, дидактикалық ойындармен де қызыға ойнап, уақыттарын тиімді өткізеді.

Мектепке дейінгі ұйымдар өз қызметін 1 қыркүйек пен 25 мамыр аралығында жүзеге асыру жұмыстары ұйымдастырылады.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сай Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары мен Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы толық көлемде іске асырылуда.

Осы бұйрықтың 22-тармағына сәйкес 2021-2022 оқу жылдары 2 педагог, 2022-2023 оқу жылдары 3 педагог, 2023-2024 оқу жылдарында жоғары білімді 3 педагог білім беру және тәрбие қызметін жүзеге асырады.

Даярлық сыныптың тәрбиешілері баланың жеке даму картасының «Түзету іс- шаралары» бөлімін диагностиканың қорытындысы бойынша балалармен жұмыс жасаған карталарын толтырған. Сондай-ақ баланың жеке даму картасының «Бастапқы» бөлімінде диагностиканың әр кезеңінен кейін баламен жеке түзету жұмысын мазмұнын айқындау жұмыстарын, даму мониторингінің кестесін талапқа сай іс жүзінде жүргізіліп отырады.

МАД топтарының 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары бойынша тәрбиеленушілердің мониторинг нәтижелерінің бақылау парақтары сайтқа салынады, баламен жұмыс жүргізген жеке даму картасы жасалды. Мониторингтің нәтижелерін бақылау парақтарымен қоса баланың жеке даму

картасына енгізу толық іске асырылды.

«Денсаулық» білім саласы бойынша:

Мектеп жасына дейінгі балалардың үйде, көшеде және қоғамдық орындарда қауіпсіз жүріс - тұрыс ережелері туралы білімі орта деңгейде қалыптасқан. Қимылы дамыған, барлық ойындар мен тапсырмаларды орындай алу дағдысы қалыптасқан. Ұйымдастырылған оқу қызметі, түрлі тәрбиелік іс-шаралар, ата-аналармен жұмыс арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың үйде, көшеде және қоғамдық орындарда қауіпсіз жүріс - тұрыс ережелері туралы білімдері қалыптасқан.

«Қатынас» білім саласы бойынша:

Сөйлеуді дамыту оқу қызметі бойынша (сюжеттік және тақырыптық суреттер) бойынша дидактикалық материалды жаңарту, қоршаған ортаға қатысты түрлі сұрақтарға жауап беруі қалыптасқан, жеке баламен жұмыстар жасалған. Ата-аналар үшін сипаттамалық әңгімелер құрастыруда үйлесімді сөйлеуді дамыту туралы жадынамалар жасап, жұмыстар жүргізген.

«Таным» білімі саласы бойынша:

Тәрбиешінің көмегімен түстерді ажыратады, санай алады, геометриялық пішіндерді ажырата алуға дағдыланады. Біртекті заттарды құрастырады және бөліп алады, бірдей заттарды ұзындығы мен ені, биіктігі бойынша беттестіру және тұстастыру арқылы салыстырады. Құрылыс бөліктерін ажыратады және атайды.

«Шығармашылық» білім саласы бойынша:

Заттардың жазықтықта әртүрлі орналасуы мүмкін екенін түсінеді. Түстерді өз қалауы бойынша таңдай алады. Сурет салуда әр түрлі техниканы пайдалана алады. Қазақтың ою-өрнектерін таниды. Ою өрнектермен ұлттық киімді сала алады. Ұжымдық жұмыстарды орындайды. Ойынан сурет сала алады. Мүсіндеудің әр түрлі әдістерін қолдана алады. Ортақ композиция құру үшін ұжыммен мүсіндеу қабілеттері қалыптасқан. Қазақ халқының тұрмыстық заттарын таниды, ою-өрнекпен әшекелей алады. Бірнеше бөліктерден бейнелерді құрастырады. Құрастыру барысында жеке және топпен жұмыс жасай алады.

«Әлеумет» білім саласы бойынша:

«Әлеумет» білім саласы бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі кезінде балаларды туған өлкесімен, оның тарихымен, табиғатымен, көрікті жерлерімен таныстыруға әдіс тәсілдерді қолданып нәтижеге жеткен.

Тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің болуы және нәтижелерін талдау:

Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды жастағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелерінің болуы.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Мектеп жасына дейінгі балалардың жеке және жас ерекшеліктерін ескере отырып, даму деңгейлерін бақылау бойынша әдістемелік ұсынымдарға» сәйкес әр топтың тәрбиеленушісіне жеке даму картасы жасалды. Баланың жеке даму картасы баланың мектепалды даярлық сыныбында болатын барлық уақытта жүргізіліп отырды. Оқытудың нәтижелері көрсеткіштер ретінде баланың даму мониторингін қамтамасыз ете отырып, оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылып отырды.

Тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы) бес дағдылары бойынша нәтижелері талданды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «жеке және жас ерекшеліктерін ескере отырып, балалардың даму деңгейін қадағалау жөніндегі әдістемелік ұсынымдар» бастапқы бақылауға арналған индикаторлар бақылау парағында көрсетілді. Сонымен қатар, аралық, қорытынды бақылаулардан күтілетін нәтижелерден баланың білік, дағдыларының даму деңгейі бойынша диагностика нәтижелері бақылау парағына енгізілді. Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптарға сәйкес әрбір жас кезіндегі құзыреттіліктерді меңгеру деңгейіне сай жүргізіледі.

**Жалпы орта білім берудің бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының білім беру қызметін зерделеу қорытындылары**

**Білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2023 жылғы 18 тамыздағы № 264 бұйрығымен өзгертілген) (бұдан әрі – ҮОЖ) сәйкестігі; (өткен 2 оқу жылын қоса алғанда)**

*Мектеп бағаланатын кезеңге (2 оқу жылы) және 2024 жылдың наурыз айына дейінгі өзін-өзі бағалау жұмыстарының қорытындысы. «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығына (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 9 маусымдағы № 282 бұйрығымен өзгертілген), Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына жыл сайынғы енгізілген өзгертулерге сәйкес жасалған мектептің жылдық оқу жоспарларына қысқаша талдау.*

**2021-2022 оқу жылында жұмыс оқу жоспары** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарлары негізінде құрастырылды. *(Бастауыш сыныптар: «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының (Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығымен өзгертілген) 1,2-қосымшасы; Негізгі орта сыныптар: «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының (Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығымен өзгертілген) 6,7-қосымшасы, 32,33-қосымшасы; Жалпы орта сыныптар: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 наурыздағы №125 бұйрығына 23,24,27,29,32,33-қосымшалар)*

2022 жылдың 07 ақпандағы №4 кезектен тыс педагогикалық кеңес шешімімен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 26 қаңтардағы №25 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген. *(Бастауыш сыныптар: «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының (Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 26 қаңтардағы №25 бұйрығымен өзгертілген) 1,2,4,5,14-қосымшасы; Негізгі орта сыныптар:*

*«Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының (Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 26 қаңтардағы №25 бұйрығымен өзгертілген) 6,7-қосымшасы; Жалпы орта сыныптар: «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының (Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 26 қаңтардағы №25 бұйрығымен өзгертілген) 27,29,87.88-қосымшасы; «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының (Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 наурыздағы №125 бұйрығымен өзгертілген) 23,24-қосымшасы).*

Жұмыс оқу жоспарына енгізілген өзгерістерге сәйкес сабақ кестелері құрылып, «kundelik.kz» электрондық журналға өзгерістер енгізіліп отырылды.

**2022-2023 оқу жылында жұмыс оқу жоспары** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарлары негізінде құрастырылды. (*Бастауыш сыныптар*: «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығымен өзгертілген) 1,2,4,5,11-қосымшасы; *Негізгі орта сыныптар*: «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығымен өзгертілген) 13,14,16-қосымшасы; *Жалпы орта сыныптар*: «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы №412 бұйрығымен өзгертілген) 24,26,40,41,- қосымшасы).

Жұмыс оқу жоспарына енгізілген өзгерістерге сәйкес сабақ кестелері құрылып, «kundelik.kz» электрондық журналға өзгерістер енгізіліп отырылды. II тоқсаннан бастап, облыстық басқарма хаты негізінде электрондық журналымыз «kundelik.kz» порталынан «onlinemektep.org» платформаына ауыстырылды.

**2023-2024 оқу жылында жұмыс оқу жоспары** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарлары негізінде құрастырылды. (*Бастауыш сыныптар*: «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 22 тамыздағы №264 бұйрығымен өзгертілген) 1,2-қосымшасы; *Негізгі орта сыныптар*: «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығымен өзгертілген) 13,14,16-қосымшасы; *Жалпы орта сыныптар*: «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы №412 бұйрығымен өзгертілген) 40,41,- қосымшасы; Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 18 тамыздағы №264 бұйрығына 27,29-қосымшалар).

Жұмыс оқу жоспарына енгізілген өзгерістерге сәйкес сабақ кестелері құрылып, «VilimClass.kz» электрондық журналға өзгерістер енгізіліп отырылды.

Сабақ кестесі санитарлық ережелерге сәйкес және жұмыс оқу жоспарына сай құрастырылды. Білім алушылардың оқу жүктемесі, сабақ режимі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, санитариялық қағидалардың, үлгілік оқу жоспарлары мен білім беру саласындағы денсаулық сақтау және білім беру органдарының ұсынымдары негізінде дайындалды, сабақ кестесін мектеп директоры бекіткен және мектептің ата-аналар комитетінің төрағасымен келісілді. Сабақ кестесінде оқу сабақтарының күнделікті саны және ұзақтығы көрсетілген.

**«Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығы бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын инвариантты компонент пәндерінің базалық мазмұнын игеру;**

*Бағаланатын кезеңдердегі оқу жылдарына сәйкес мектептің оқу процесінде қолданылған бағдарламалардың «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы*

*16 қыркүйектегі № 399 бұйрығының (жылдарына сәйкес енгізілген өзгерістерін көрсете отырып) тиісті қосымшаларын көрсетіп қысқаша талдау:*

2021-2022 оқу жылында барлық сыныптарда оқу жоспарының инвариантты компоненттің жалпы білім беретін пәндерінің базалық мазмұнын игеру «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын» бекіту туралы ҚР БЖҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығына: толықтырулар енгізген 08.04.2016 жылғы №266, 10.05.2018 жылғы №199, 17.10.2018 жылғы №576, 27.11.2020 жылғы №496, 26.03.2021 жылғы №123 бұйрықтарын басшылыққа алып жүзеге асырылды.

2022-2023 оқу жылында барлық сыныптарда оқу жоспарының инвариантты компоненттің жалпы білім беретін пәндерінің базалық мазмұнын игеру «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 қарашадағы № 467 бұйрығын басшылыққа алып жүзеге асырылды.

2023-2024 оқу жылында барлық сыныптарда оқу жоспарының инвариантты компоненттің жалпы білім беретін пәндерінің базалық мазмұнын игеру «"Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы"

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 5 шілдедегі №199 бұйрығын басшылыққа алып жүзеге асырылды.

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылында «Kundelik.kz», «Bilimland» платформаларына мектептің жұмыс оқу жоспары, үлгілік оқу жоспарына сәйкес күнтізбелік – тақырыптық жоспарлар электронды түрде оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын пәндер бойынша толтырылды. Мектептің басшылық пен бақылау жоспарына сәйкес тоқсан сайын электронды журналдың жүргізілу барысы тексеріліп, кемшілік жіберілген мұғалімдерге ескертіліп отырды.

***Білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру (бағаланатын кезеңге тәрбие жұмысы жоспарының көшірмесі қоса беріледі)***

2023-2024 оқу жылының тамыз айында Жыныс мөлтекауданына қарасты Тоқмұхамедов, Бекжанов, Тойшыұлы, Кеңесбаев, Жыныс ата көшелеріне жүргізілген рейд барысында оқуға тартылмай қалған оқушының жоқ екендігі жөнінде аудандық білім бөліміне және Таукент кенті әкімшілігіне мәлімет берілді. Қыркүйек айында МАД сыныптары мен 1-11 сынып оқушыларының отбасылар санын анықтау мақсатында есеп жүргізіліп, мектебімізге 386 отбасының балалары келіп оқитыны оның ішінде қазіргі таңда 1-11 сыныптарда 592 оқушы, МАД сыныптарында тізім бойынша 48 оқушы тіркелді. Сонымен мектебімізде жалпы 592 оқушы оның 1-11 сынып аралығында 275-і қыз балалар, 1-11 сыныптар бойынша қыркүйек айында 31 сынып комплектісін құрады.

2023-2024 жаңа оқу жылының тамыз айында кезекті жалпы ата-аналар жиналысының күн тәртібіне қойылған «Оқушылардың өмір қауіпсіздігін сақтау мақсатындағы жолда жүру ережесі мен келеңсіз оқиғалардың алдын алу» бағытында біршама жұмыстар талқыланып, ата-аналарға оқушылардың мектепке келіп-кету кезіндегі жолда жүру ережесін қатаң сақтау керектігі және жол бойында абай болу, көше тәртібін сақтау, жолға шығып топырлап жүрмеу, жол бойында тәртіпті сақтауға байланысты үгіт-насихат жұмыстары жүргізіліп, балалардың өмірін кездейсоқ оқиғалардан сақтау мен алдын алу жұмыстары қыркүйек айында 1-6 сыныптар аралығындағы сынып жиналыстарында ата-аналарға, оқушылардың қатысуымен болған жиындарда түсінік жұмыстары жүргізілді.

Сынып жетекшісі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан

Республикасының «Білім туралы», «ҚР баланың құқықтары туралы» заңдарына және білім беру саласындағы Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық және нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша 2023-2024 оқу жылына арналған Кешенді жоспардың ұлттық құндылықтары: Ұлттық мүдде, Ар-ұят, Талап бағыты бойынша сынып жетекшілердің жылдық жоспарлары бекітілген. Жоспарға сәйкес оқушылармен сыныптан тыс жұмыстар жүргізілуде. Әр аптаның дүйсенбі күні сынып сағаттары өткізіледі және мектепшілік іс-шараларға қатысады.

Сыныптар бойынша ата-аналар кеңесінің төрайымдары сайланып, I тоқсан қорытындысы бойынша ата-аналар жиыны өткізіліп, бала тәрбиесіне қатысты мәселелер талқыланды. Сонымен қатар, сынып жетекшілер ата-аналардың құқықтық сауаттылығын арттыруға арналған лекциялар мен психолог, әлеуметтік педагог мамандарын қатыстыра отырып тренингтер өткізді.

Бала тәрбиесінің жауапкершілігі туралы мектеп және ата-аналар арасында оқу жылының басында КЕЛІСІМ ШАРТ түзілген.

Күнделікті сынып жетекшісімен бірлесе отырып сабаққа себепсіз келмегендер мен кешігіп келетін оқушылармен жеке жұмыстар жүргізіледі.

Мереке күндеріне арналған ашық тәрбие сағаттары бекітілген жопарға сәйкес өткізіліп, жіберілген кемшіліктер қатысушы ұстаздар тарапынан талданып, ұсыныс, пікірлер айтылады.

2023 жылдың қыркүйек айында өткізілген кезекті мектепшілік жалпы ата-аналар жиналысының күн тәртібіне оқушылардың өмір қауіпсіздігін сақтау мақсатындағы жолда жүру ережесі мен келеңсіз оқиғалардың алдын-алу жұмыстары қойылып, мектепте жүйелі жұмыс жүргізу мақсатында «Жолда жүру қауіпсіздік ережелерінің» сыныптан тыс жұмыстары мен оқытудың және жол қозғалыс ережелерін үйрету мен тәрбиелеуге

арналған іс-шаралар жоспары бойынша балалар арасындағы жол көлік оқиғаларын болдырмау барысында әңгімелер мен баяндамалар, ата-аналар мен байланысу арқылы оқушылардың өмір қауіпсіздігін сақтау мақсатында ағымдағы жұмыстар жүргізілді.

Оқушылардың өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында техникалық қауіпсіздікті сақтау туралы 5 -6 сынып оқушылары арасында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Жасөспірімдер арасындағы жол көлік оқиғасының алдын- алу мақсатында тұрақты жиналыстар өткізілді. Оқу процесінде жазатайым жағдайды болдырмау, жол, көше қозғалысы кезінде, қауіпсіздік ережесін сақтау мақсатында пән мұғалімдері мен сынып жетекшілері арасында түсіндірме жұмыстары тұрақты жүргізілуде.

1-5 сынып оқушыларының бейімділігін анықтау, сынып ортасына үйрету, психологиялық көмек беру, әртүрлі пәндерге қалыптастыру мақсатында мектеп психологы С.Таңатова оқушылармен топтық, жеке психологиялық жұмыстар жүргізді. Жоспар бойынша қыркүйек айының алғашқы күндерінен бастап 1 және 5 сынып оқушыларының жаңа сатыға өтуіне байланысты «5 сынып оқушыларының бейімделу ерекшеліктері» туралы ата-аналар жиналысында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. 5 сынып оқушыларының психологиялық-педагогикалық диагностикасын анықтау, олардың кіші буыннан орта буынға көшуге бейімделуін бағалау мақсатында «Мектепке қарым-қатынасым» және «Пәндерге деген көзқарасын» анықтау сауалнамасы алынып, нәтижесінде: 5 «А» сынып оқушысы Уали Қанат, 5 «Ә» сынып оқушысы Әженова Інжу, Мейрамбекқызы Аягөз, Қазақбай Нұрдаулет 1 «А» сынып оқушысы жеке жұмыс, ата- анасымен байланыс жасалынды. Сонымен қатар денсаулығына байланысты ПМПК қорытындысы бойынша 1 сынып оқушысы Сүтемген Аяла, 4 сынып оқушысы Сапар Жанерке үйден оқытылып келеді.

